21018268688

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 4 наурыз №7119-24-00-2/1956 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, хатшылықта Ж.С.Демеуова отырып, ашық сот отырысында қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«BS» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айтолқын Асқарқызы Құрмашева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
аудармашы Д.Е.Саметаева, прокурор Д.Б.Жумагулов, талап қоюшының өкілі Н.Т.Өсіп, жауапкердің өкілі Э.З.Еремина

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасында 2023 жылғы 3 қыркүйекте №505-ДИТ тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы жалпы сомасы 69 888 000 теңге шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалған.

Шартқа сәйкес, өнім беруші «BS» жеке кәсіпкері шарт күшіне енген күннен (2023 жылғы 3-қыркүйектен) бастап 60 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 3-қарашаға дейін, 195 дана планшеттік компьютер жеткізіп беруге міндеттенген.

Шарт 28 қараша 2023 жылы бұзылған.

Жауапкердің шартта белгіленген міндеттемесін толық орындамауымен негіздеп, талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдады.

Документ подписан: Искалиева А. С., 12.03.2024
Дата вступления в законную силу: 30.04.2024, судья Искалиева А. С., 14.05.2024
7119-24-3-6/128

Жауапкердің өкілі талапты мойындамады, Тапсырыс берушіге сипаттамасы жағынан жақсырақ планшеттерді ұсынғанын, алайда қосымша келісім жасалмағанын көрсетті.

Прокурор талап қою қанағаттандырылуға жатады деген қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады (Заңның 12 бабы 5-тармағы).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағында түсіндірілгендей, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Заңның 43-бабының 23-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Анықталғандай, жауапкер жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, тауарды жеткізбеген, осылайша шарттың талаптары жауапкердің тарапынан бұзылған.

Сот, талап қою заңда көрсетілген мерзімде берілгенін, өнім берушінің тауарды жеткізбеуіне байланысты тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, ескеріп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз бар деп есептеп, талап арызды қанағаттандырады.

Документ подписан: Искалиева А. С., 12.03.2024
Дата вступления в законную силу: 30.04.2024, судья Искалиева А. С., 14.05.2024
7119-24-3-6/128

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «BS» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айтолқын Асқарқызы Құрмашеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«BS» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«BS» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **А.С. Искалиева**

Документ подписан: Искалиева А. С., 12.03.2024

Дата вступления в законную силу: 30.04.2024, судья Искалиева А. С., 14.05.2024

7119-24-3-6/128